

- 2 Koyanbekova S. B. fundamentals of expressive stylistics of the Kazakh language». Almaty, Kie publishing house. - 2008 - p 52
- 3 Makataev M. poem «Aru Ana». Almaty publishing house. – P 970
- 4 Ainabekov K. collection of poems «beads of love». Aktobe. 1991- P 83
- 5 Kashimov M. collection of poems «Sulu kyz». Almaty publishing house. - 1909- p 57
- 6 Michigan Corpus of Upper-level Student Papers
<https://sites.lsa.umich.edu/eresources/2020/05/29/micusp-corporus-of-written-academic-papers/>
(қаралған мерзімі: 17.11.2024)
- 7 Oxford Corpus of Academic English (OCAE). <https://www.sketchengine.eu/oxford-corporus-of-academic-english/>(қаралған мерзімі: 17.11.2024)
- 8 President Tokayev; «we will overcome difficulties only if we maintain our unity. The bright future of our country is in your hands and in our hands!», Speech at the XXXII session of the assembly of people of Kazakhstan. - 2023
- 9 Suleimenuly O. «Let's not take the mountains». - 1981
- 10 Shakhanov M. Almaty, «the concept of the risk of root formation». - 2007 - p 70
- 11 Zholdybayuly K. «Imani Gul». Almaty. - 2011-p 384
- 12 Auezov M. The Story of Karash-Karash. Almaty: Zhalyn. - 1987. - P 148
- 13 Ibraimova, L., Koyanbekova S., Ryskulbek, D., Moldagali, B., Serikova, S. Article Exploring National Brands in the Field of Education: The Case of Kazakhstan // Journal of Social Studies Education Research [this link is disabled](#), – 2023. - 14(2) page 97–117
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58354027500>

Received: 29.12.2025

MFTAP 16.21.07

DOI:[10.59102/kufil/2026/iss1pp165-181](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp165-181)

А.К. Өмірзақова¹, Ж.Қ. Дәркенбаева², С.А. Түрбекова³

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, 050013, Қазақстан

²Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, 050022, Қазақстан

³әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, 050038, Қазақстан

ТІЛДІК АТТРИЦИЯ: ЖАРТЫЛАЙ ДОМИНАНТТЫ БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА ОРЫС ТІЛДІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІ ҚАТЕЛЕРІНДЕГІ КӨРІНСІ

Қазақстандағы тілдік жағдай тарихи және әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалымен қалыптасты. Соның нәтижесінде елімізде қазақ-орыс қостілділігі қалыптасты. Бұл қостілділік көбіне жартылай доминантты сипатқа ие. Осындай жағдайда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғамдағы қызметі өзекті мәселе болып отыр. Өйткені қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік мәртебеге ие болғанымен, күнделікті қарым-қатынастың көптеген салаларында әлі де толық қолданылып жүрген жоқ. Бұл жағдай орыс тілді қазақ жастарының арасында ана тілінің әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Қазіргі тілдік ортада тілдік аттриция құбылысы барған сайын айқынырақ байқалады. Әсіресе орыс тілінде білім алып, сол тілде сөйлейтін қазақ жастары арасында қазақ тілінің қолданысы шектеліп бара жатыр. Бұл үрдіс олардың сөйлеу тілінде түрлі ауытқулардың пайда болуына әсер етеді.

Мақала Қазақстандағы жартылай доминантты қазақ-орыс қостілділігі жағдайында қазақ тілінде орын алатын тілдік аттриция мәселесін қарастырады. Зерттеудің басты

мақсаты – орыс тілді қазақ жастарының сөйлеуінде кездесетін тұрақты тілдік ауытқулары анықтау. Сонымен қатар бұл ауытқуларды интерференциялық қателерден ажыратып, олардың тілдік аттрицияның көрінісі екенін ажырату көзделді.

Зерттеу материалы ретінде университеттің орыс топтарында білім алып жүрген қазақ студенттерінің ауызша және жазбаша жұмыстары алынды. Материалды талдау барысында лингвистикалық қателерді талдау әдісі, салыстырмалы және сандық-сапалық тәсілдер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері сын есімдердің сөзжасам жүйесінде қателер жиі қайталанатынын көрсетті. Бұл қателер кездейсоқ емес, белгілі бір жүйеге бағынады. Көп жағдайда мұндай ауытқулар студенттерде лексикалық, лексика-деривациялық және деривациялық құзыреттіліктің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанымен байланысты. Сонымен қатар зерттеу барысында студенттер нормативті тұлғаларды тануда және дұрыс таңдауда қиналатындығы, сөзжасам үлгілерін қолдану көбіне автоматты түрде жүзеге аспайтындығы байқалды.

Зерттеу қорытындылары анықталған тілдік қателерді кездейсоқ құбылыс деп қарастыруға болмайтынын көрсетті. Бұл қателер интерференциямен ғана шектелмейді. Олар жартылай доминантты билингвизм жағдайында қазақ тілінің функционалдық қолданысының тарылуымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, байқалған ауытқулар тілдік аттрицияның жүйелі көрінісі деп танымыз. Мақала нәтижелері қостілділік жағдайында «ана тілінің иесі» деген ұғымға жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу қазақ тілі материалы негізінде тілдік аттриция теориясын нақтылауға белгілі бір деңгейде үлес қосады.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғанымен, іс жүзінде оның қолданылу аясы әлі де шектеулі болып отыр. Әсіресе күнделікті қарым-қатынастың негізгі салаларында қазақ тілі әрдайым басым қолданылады деп айту қиын. Мұндай жағдай тілдің табиғи қолданысын біртіндеп тарылтып, соның салдарынан тілдік аттриция процесінің күшеюіне алып келеді.

Қоғамдағы тілдік ахуалды қарастырғанда, мәселені тек тіл нормасы тұрғысынан ғана бағалау жеткіліксіз. Мақалада әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, орыс тілді қазақтардың сөйлеуіндегі жүйелі қателер кеңірек контексте талданады. Бұл қателер жай ғана тілдік ауытқу емес. Олар белгілі бір әлеуметтік орта мен тарихи қалыптасқан тілдік жағдайдың нәтижесі ретінде қарастырылады. Яғни, аталған мәселе жеке адамның тілдік қабілетінде емес, тілдік ортаның ерекшелігінде де жатыр.

Зерттеудің теориялық негізі Дж. Фишманның тілдік ығысу және тілдің ұрпақтан ұрпаққа берілуі жөніндегі тұжырымдамаларына сүйенеді [1]. Ғалым тілдің ресми мәртебесінің жоғары болуы оның сақталуын автоматты түрде қамтамасыз етпейтінін атап көрсеткен. Егер тіл күнделікті қарым-қатынаста тұрақты қолданылмаса, уақыт өте келе сол тілдегі сөйлеу дағдыларының әлсірейтіндігін айтқан. Бұл құбылыс бірден байқалмауы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімде оның әсері айқын көрінеді.

Осы тұрғыдан алғанда, тілдің заңды мәртебесі мен оның нақты коммуникативтік қолданысы арасындағы алшақтық маңызды фактор болып саналады. Осы алшақтық тілдің функционалдық әлсіреуіне әкелуі ықтимал. Сондықтан тіл мәселесін тек құқықтық деңгейде емес, әлеуметтік және коммуникативтік тәжірибе тұрғысынан да қарастыру қажет.

Мақалада Ф. Грожанның билингвизмге қатысты ұстанымдары негізге алынды [2]. Ғалымның пікірінше, қос тілді адам екі тілді де бірдей жағдайда қолданбайды. Әр тілдің өз қызметі, өз ортасы бар. Бір тіл отбасында белсенді қолданылса, екіншісі оқу немесе жұмыс барысында көбірек пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан билингвтердің екі тілде бірдей еркін әрі мінсіз сөйлеуі міндетті шарт емес. Бұл тұжырым ана тілін автоматты түрде толық әрі

кемшіліксіз меңгерілген тіл ретінде қарастыратын дәстүрлі түсінікке күмән келтіреді. Сонымен бірге ол қос тілді ортадағы тілдік құзыреттілікті шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін түсіндіру барысында М. Шмид ұсынған тілдік аттриция теориясына сүйендік [3]. Бұл теорияға сәйкес, тілдік аттриция – белгілі бір тілдің қолданыс жиілігі азайған кезде пайда болатын тұрақты өзгерістердің жиынтығы. Яғни, тіл сирек қолданылған сайын оның кейбір элементтері әлсірей бастайды. Мұндай әлсіреу тек сөздік қордың қысқаруымен шектелмейді. Ол грамматикалық құрылымдарға, сөйлем құрау тәсілдеріне, тіпті сөйлеу нормаларына да әсер етуі мүмкін. Ең бастысы, бұл өзгерістер кездейсоқ емес. Олар жүйелі түрде қайталанып, әртүрлі коммуникативтік жағдайларда байқалады.

Осыған байланысты М. Шмид тілдік аттрицияны «индивидтің бұрын меңгерген тілінің патологиялық емес әлсіреуі» деп сипаттайды [3, 10]. Яғни бұл құбылыс тілдік қабілеттің бұзылуы емес, тілдік ортаның өзгеруіне байланысты табиғи процесс ретінде қарастырылады.

Әртүрлі иммигрант қауымдастықтардағы тілдік аттрицияны зерттей отырып, М. Полински *heritage speaker* («мұраға қалған тіл сөйлеушісі») және *heritage language* («мұраға қалған тіл») деген ұғымдарды енгізеді [4]. Бұл атаулар бала кезден ана тілі ретінде меңгерілген, бірақ кейін тілдік ортаның өзгеруіне байланысты басым қолданыстан шығып қалған тілге қатысты қолданылады. Яғни, белгілі бір тіл бастапқыда негізгі қарым-қатынас құралы болғанымен, уақыт өте келе доминант мәртебесінен айырылады.

Осындай жағдайда ана тіліндегі құзыреттілік толық әрі нормативті деңгейде қалыптаспай қалады. Тілдің кейбір құрылымдары үстірт меңгеріледі немесе кейін біртіндеп әлсірей бастайды. Соның салдарынан сөйлеуде тұрақты ерекшеліктер байқалады.

«Мұраға қалған тіл сөйлеушілері» теңгерімді билингвтерден өзгеше. Теңгерімді билингвтер екі тілді де шамалас деңгейде меңгеріп, оларды түрлі коммуникативтік жағдайларда еркін қолдана алады. Ал «мұраға қалған тіл сөйлеушісі» деп аталатын топта тілдік құзыреттілік деңгейлері бірдей емес. Сонымен қатар олар ана тілін мүлде қолданбай кеткен адамдардан да ерекшеленеді. Бұл топ өкілдері тілден толық қол үзбейді, бірақ олардың сөйлеуінде фонология, морфология және синтаксис салаларында ортақ сипаттар байқалады. Осы ерекшеліктеріне байланысты оларды дербес әлеуметтік-лингвистикалық топ ретінде қарастыруға болады.

Көптеген зерттеушілер аттрицияның жеке көрінісіне әсер ететін бірқатар негізгі факторларды атап көрсетеді. Ең алдымен, бұл – мұраға қалған тілді қолдану жиілігі. Х. Лидің пікірінше, тілдің әлсіреуі бірден және біркелкі болмайды. Алғашында меңгерілген лексикалық бірліктер белгілі бір уақытқа дейін сақталады. Бірақ ұзақ уақыт қолданылмаса, біртіндеп әлсірей бастайды. Яғни, бұл – сөздерді ұмыту емес, тілдік бірліктердің қолдану жиілігіне тәуелді когнитивті процестер [5]. Тіл қаншалықты жиі пайдаланылса, соғұрлым оның сақталу мүмкіндігі жоғары болады. Екінші маңызды фактор – сол тілді меңгеру тәсілі. Яғни, тіл балалық шақта табиғи жолмен игерілді ме, әлде формалды оқыту арқылы меңгерілді ме – бұл да нәтижеге ықпал етеді. Үшінші фактор – тілдік орта ауысқан кездегі жас мөлшері мен сол кезеңдегі тілдік құзыреттілік деңгейі. Егер тіл толық қалыптасып үлгермеген болса, оның әлсіреу ықтималдығы арта түседі. Сонымен қатар әлеуметтік-лингвистикалық жағдайлар да айтарлықтай рөл атқарады. Қоғамдағы тілдің беделі, қолданылу аясы, әлеуметтік қолдау деңгейі – мұның бәрі тілдің сақталуына немесе әлсіреуіне әсер етеді. Е. Судинаның зерттеуінше, тілдік аттриция тұлғаның жеке қасиеттері мен мотивациясына тәуелді болады. Ана тілінің сақталуы немесе әлсіреуі жеке адамның тілдік белсенділігіне, ішкі уәжіне, өмірлік тәжірибесіне байланысты деп санайды [6].

Алғашқы екі фактор билингвизмнің психоллингвистикалық үлгілерінде кеңінен қарастырылған [7]. М. Парадис ұсынған тілдік аттриция үлгісі лексика саласындағы өзгерістерді тілдер арасындағы функционалдық теңгерімсіздікпен байланыстырады. Егер бір тіл доминант позицияға ие болса, ол екінші тілдің қолданысын біртіндеп ығыстыра бастайды. Бұл процесс сөйлеудің әрі продуктивті, әрі рецептивті деңгейде көрінеді. Ғалымның пікірінше, әрбір лексикалық бірліктің санада өзіндік «белсендіру шегі» бар. Сөз жиі қолданылса, оны еске түсіру де жеңіл болады. Ал ұзақ уақыт бойы қолданылмаған сөзді белсендіру қиындайды.

Мұндай жағдайда сөзді табу, оны семантикалық жадтан шығарып алу көбірек күшті талап етеді.

О. Адебауо иммигранттарда ана тілінің сақталуын не әлсіреуін әлеуметтік-мәдени жағынан қарастырады. Ана тілінің сақталуы тілдік ортаға, отбасы ішіндегі тілдік саясатқа, тілдің әлеуметтік қажеттілік деңгейіне байланысты. Ана тіліндегі аттриция құбылысы негізінен тілдің қоғамдық қызметінің тарылуы мен доминант тілдің функционалды басымдығы дейді ғалым [8].

Осы тұрғыдан қарағанда, тілдік аттриция – тілдің жеткілікті деңгейде қолданылмауының табиғи салдары. Бұл құбылыс сөйлеу барысында айқын байқалады: адам баяуырақ сөйлейді, сөз арасында кідірістер көбейеді, кейде қажетті сөзді іздеп тоқтап қалады. Мұның бәрі тілдің белсенді қолданыстан шеттеп бара жатқанын көрсетеді.

Тілдік аттрицияның психолингвистикалық үлгілерінде тілді меңгеру тәсіліне айрықша назар аударылады. Себебі тілдің қалай игерілгені оның кейінгі тұрақтылығына әсер етеді. Ана тілі әдетте табиғи жолмен, яғни имплицитті түрде меңгеріледі. Мұндай жағдайда адам тілдік ережелерді арнайы жаттамайды, сөйлеу автоматты түрде жүзеге асады. Көп нәрсе саналы бақылаусыз-ақ қолданылады. Ал мектепте немесе арнайы оқу барысында меңгерілген тіл көбіне эксплицитті сипатта болады. Яғни, тілдік білім ережелерге сүйеніп қалыптасады. Мұндай тілде сөйлеу кезінде адам жиі ойланады, өзін бақылайды, дұрыс форманы саналы түрде таңдауға тырысады. Бұл жоғары деңгейдегі метатілдік сананы талап етеді.

Шет тілін меңгеру процесінде тілдік құзыреттіліктің артуы үнемі саналы талдаумен байланысты емес. Керісінше, уақыт өте келе тілдік дағдылар автоматтана бастайды. Сөйлеуші біртіндеп ережелерге сүйенуден гөрі, дайын сөйлеу үлгілерін жиі қолданады [7]. Яғни тілдік әрекет жеңілдеп, жылдамдай түседі.

Имплицитті түрде қалыптасқан табиғи дағдылар мен тіл туралы саналы, эксплицитті білімнің қайсысы аттрицияға көбірек ұшырайтынын нақты айту қиын. Бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді. Бірақ бұл екі тәсіл жадының әртүрлі жүйелеріне негізделетінін ескерсек, олардың әлсіреу жолдары да бірдей болмайды. Сондықтан тілдік өзгерістердің сипаты меңгеру тәсіліне қарай әртүрлі көрінуі мүмкін.

Имплицитті тілдік дағдылардың онтогенетикалық тұрғыдан бастапқы екені назар аударуға тұрарлық жайт. Бала тіл үйренуді саналы талдаудан емес, табиғи қабылдаудан бастайды. Әрине, тіл туралы алғашқы метатілдік түсініктер ерте жаста пайда болады. Бірақ жүйелі, саналы эксплицитті білімдер көбіне формалды білім беру басталған кезде қалыптасады. Сондықтан тілдік аттрицияның қалай жүретінін түсіну үшін адамның жасы маңызды факторлардың бірі болып саналады. Әсіресе тілдік орта өзгерген кезеңде сол тілдегі құзыреттілік деңгейі қандай болғанын ескеру қажет.

Дегенмен аталған мәселе біржақты емес. С. Монтрул «мұраға қалған тіл иелерінің» сөйлеуін зерттей отырып, тілдік орта ауысуы тіл меңгерудің негізгі кезеңі аяқталғаннан кейін де орын алуы мүмкін екенін көрсетеді [9]. Мұндай жағдайда да толық әрі тұрақты тілдік құзыреттілікке әрдайым қол жеткізіле бермейді. Яғни, тілдің бастапқыда меңгерілуі оның кейін өзгеріске ұшырамайтынына кепіл бола алмайды.

М. Полинскидің пайымдауынша, «мұраға қалған тіл» – тілдің жүйелі түрде қайта ұйымдасуының нәтижесі [4]. Басқаша айтқанда, бұл бастапқыда толық қалыптаспаған немесе кейін қайта құрылымданған тіл. Оның қолданысы көбіне функционалды тұрғыдан шектеулі болады. Сондықтан мұндай тілді дәстүрлі мағынадағы толыққанды ана тілімен теңестіру дұрыс емес деп санаймыз.

Зерттеуде тілдік интерференция мен тілдік аттрицияны ажырату маңызды әдіснамалық мәселе ретінде қарастырылды. Интерференция, әдетте, екі тіл қатар қолданылған жағдайда туындайды. Бұл – бір тілдің заңдылықтарының екінші тілге уақытша ықпал етуі. Мұндай қателер көбіне жағдаятқа байланысты болады.

Ал тілдік аттриция ана тіліндегі құзыреттіліктің терең әрі тұрақты әлсіреуін білдіреді. Мұнда өзгерістер кездейсоқ емес, жүйелі сипат алады. Қателердің аттрициялық сипатын анықтауда бірнеше критерийге назар аударылды: *олардың жиі қайталануы, әртүрлі*

коммуникативтік контекстерде көрінуі және тілдік жүйенің негізгі құрылымдық деңгейлеріне әсер етуі. Осындай тәсіл арқылы жүйелі қателерді жай ғана өзге тіл ықпалы ретінде емес, ана тілінің ішкі жүйесінде жүріп жатқан өзгерістердің белгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік туады.

Зерттеу барысында тілдік аттрицияның нақты көрінісін анықтау үшін қазақ тіліндегі сын есімдердің сөзжасам жүйесіне ерекше назар аударылды. Мұның өзіндік себебі бар. Ана тілінің күнделікті қолданысы шектелген кезде, ең алдымен, күрделі тілдік дағдылар әлсірей бастайды. Соның ішінде сөзжасамдық қабілет те біртіндеп әлсірейді. Адам дайын тілдік бірліктерді қолданғанымен, жаңа сөз жасау немесе сөзжасам үлгілерін еркін пайдалану барысында қиындықтарға тап болады. Осы тұрғыдан қарағанда, сөзжасам деңгейі тіл жүйесіндегі «осал тұстардың» бірі ретінде көрінеді.

Жалпы тілдік аттрицияны бір ғана фактормен түсіндіру мүмкін емес. Бұл – әлеуметтік орта, психолингвистикалық механизмдер және тілдің ішкі құрылымдық ерекшеліктері өзара ықпал ететін күрделі процесс. Тілдің қоғамдағы орны, оның қолданылу жиілігі, сөйлеушінің жас ерекшелігі мен тілдік тәжірибесі – мұның бәрі нәтижеге әсер етеді. Сондықтан орыс тілді қазақ жастарының ана тіліндегі жүйелі қателерін аттриция тұрғысынан талдау маңызды. Мұндай талдау асимметриялық билингвизм жағдайында ана тілінің нақты мәртебесін жаңаша бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қостілді ортада тілдік құзыреттіліктің қалай және қай бағытта өзгеріп жатқанын тереңірек түсінуге жол ашады.

КІРІСПЕ

Елімізде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету мәселесі өзекті. Бұл жай ғана тілдік емес, тарихи әрі әлеуметтік сипаттағы мәселе. Еліміздегі қостілділік кездейсоқ қалыптасқан жоқ. Бұған Кеңес дәуірінде жүргізілген тіл саясаты аталған жағдайға айтарлықтай әсер етті. Ол - ұзақ уақытқа созылған әлеуметтік-саяси процестің нәтижесі [10].

Кеңес үкіметі кезінде орыс тілі ұлттаралық қатынас құралы ретінде бекітілді. Сонымен қатар білім беру, мемлекеттік басқару және кәсіби коммуникация салаларында негізгі тіл ретінде орнықты. Уақыт өте келе қалалық ортада тұрақты орыс тілді тілдік кеңістік қалыптасты. Мұндай жағдайда көптеген қазақ отбасыларында балалардың әлеуметтенуі орыс тілінде жүзеге асты. Кейбірі үшін орыс тілі іс жүзінде ана тілінің қызметін атқарды. Осының нәтижесінде орыс тілді қазақтардың едәуір тобы қалыптасты [11-12].

Бұл әлеуметтік топтың тілдік тәжірибесінде қазақ тілі ресми түрде ана тілі мәртебесін сақтағанымен, оның күнделікті қолданысы шектеулі. Яғни, тілдің заңды статусы мен нақты коммуникативтік қызметі арасында белгілі бір алшақтық пайда болды. Аталған алшақтық ғылыми еңбектерде тілдік аттрицияға алып келетін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады [1; 3]. Бұл процесс, ең алдымен, нормативтік тілдік құзыреттіліктің төмендеуімен сипатталады. Сөйлеуде тұрақты әрі жүйелі қателер пайда бола бастайды. Мұндай қателерді жай интерференция деп қарастыру жеткіліксіз. Себебі олар кездейсоқ емес, жиі қайталанатын және белгілі бір заңдылыққа бағынады. Олар тілдік құрылымның ішкі жүйесінде жүріп жатқан өзгерістерді көрсетеді. Сондықтан бұл құбылысты ұзақ уақыт бойы орыс тілінің функционалдық үстемдігі жағдайында қалыптасқан жартылай доминантты қостілділіктің салдары ретінде түсіндіруге болады [3; 11]. Бір тілдің қоғамдағы басымдығы екінші тілдің біртіндеп әлсіреуіне әсер етеді. Нәтижесінде асимметриялық, яғни жартылай доминантты билингвизм қалыптасады.

Қостілділік мәселесі ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттеліп келеді. Дегенмен зерттеулердің басым бөлігі екінші тілді үйренушілердің, яғни өзге ұлт өкілдерінің тілдік қателеріне бағытталғаны байқалады [2, 11]. Ал ана тілі ретінде меңгерілген деп есептелетін тілдегі тұрақты ауытқуларға назар тыс қалып жатады. Сондықтан сөйлеушінің өз ана тілінде нормадан жүйелі түрде ауытқуы әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген мәселе болып отыр.

Дәстүрлі лингвистикада «ана тілінің иесі» ұғымы көбіне тілдік норманы толық әрі мінсіз меңгерген тұлғамен байланыстырылады. Яғни, ана тілі автоматты түрде жоғары деңгейдегі құзыреттілікпен теңестіріледі. Алайда билингвизм жағдайында бұл түсінік әрдайым шынайы бола бермейді. Ф. Грожанның пікірінше, билингвтер екі тілді бірдей деңгейде қолданбайды. Олар әр тілді әртүрлі коммуникативтік мақсатта және әртүрлі функционалдық салаларда пайдаланады [2, 22 б.]. Сондықтан белгілі бір тілді ана тілі ретінде меңгеру оның барлық құрылымдық деңгейін бірдей әрі толық игеруді білдірмейді.

Жартылай доминантты қостілділік жағдайында ана тілі біртіндеп эрозияға ұшырауы мүмкін. Бұл өзгерістер тілдік жүйенің әртүрлі деңгейлерінде көрінеді. Мысалы, белсенді лексика азаяды, морфологиялық парадигмалар жеңілдетіледі, синтаксистік құрылымдар мен прагматикалық нормалар өзгереді. Мұндай құбылыстар ана тілінің қолданылу жиілігі төмендеген кезде айқынырақ байқалады. Өйткені басым тілдің күшеюі бұл процеске ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жартылай доминантты қостілділік ана тілінің аттрициясына әсер ететін маңызды әлеуметтік-лингвистикалық факторлардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Әсіресе орыс тілді қазақ жастарының сөйлеуіндегі жүйелі қателерді түсіндіруде бұл факторды ескеру қажет.

Қазіргі таңда аталған мәселе тіл саясаты мен әлеуметтік лингвистика үшін айрықша маңызды. Себебі ана (қазақ) тілінің қоғамдағы орны оның негізгі қарым-қатынас салаларында қаншалықты белсенді қолданылатынына байланысты. Сонымен бірге қазақ тілінің ұрпақтан ұрпаққа берілу процесі де осыған тікелей тәуелді. Егер тіл күнделікті өмірде жеткілікті деңгейде қолданылмаса, оның келесі буынға толық берілуі де қиындайды.

Лингвистикада тілдік аттриция, әдетте, бір тілдің екінші тілдің ықпалымен әлсіреуі немесе өзгеруі ретінде түсіндіріледі [13, 20 б.]. Кей жағдайда бұл процесс тілдің бұзылуы немесе біртіндеп жоғалуы түрінде сипатталады. М.Шмид тілдік аттрицияны «бұрын меңгерілген тілдік құзыреттіліктің патологиялық емес төмендеуі» деп анықтайды [3, 10 б.].

Е. Груздева тілдік аттрицияны басқа тілмен байланыс нәтижесінде ана тілін бақылаудың кем дегенде ішінара жоғалуы деп сипаттайды [14, 18 б.]. Бұл анықтама аттрицияның динамикалық сипатын көрсетеді. Біз осы ұстанымды кеңірек түсіндіре отырып, тілдік аттрицияны басқа тілмен ұзақ әрі тұрақты байланыс жағдайында ана тілінің немесе екінші тілдің жүйесінің біртіндеп әлсіреуі ретінде қарастырамыз.

Ғылыми әдебиетте тілдік аттрицияның бірнеше түрі ажыратылады.

- ана тілдік ортада ана тілінің әлсіреуі;
- шет тілдік ортада ана тілінің әлсіреуі;
- ана тілдік ортада шет тілінің (оқу орнында меңгерілген) әлсіреуі;
- шет тілдік ортада шет тілінің әлсіреуі (эмигранттарда) [14, 19 б.].

М. Шмид тілдік аттриция процесінің бірқатар ортақ белгілерін атап көрсетеді [15]. Зерттеушінің пікірінше, рецептивті дағдыларға қарағанда продуктивті дағдылар әлсіреуге көбірек ұшырайды. Яғни, түсіну қабілеті сақталып тұрғанымен, сөйлеу немесе жазу барысында қиындықтар жиірек байқалады.

Ғылыми зерттеулерде тілдегі тұрақты қателер көбіне интерференция құбылысы арқылы түсіндіріліп келеді. Шынында да, интерференция мен тілдік аттрицияның сыртқы белгілері кей жағдайда ұқсас. Алайда олардың пайда болу себептері мен даму механизмдері бірдей емес. Сол себепті бұл екі құбылысты ғылыми тұрғыдан ажырата қарастыру маңызды.

Интерференция – көптілді ортада тілдік жүйелердің когнитивтік тұрғыдан өзара ықпалдасуының нәтижесі. Мұнда бір тілдің үлгілері екінші тілге бейсаналы түрде ауысады. Әсіресе морфосинтаксистік құрылымдардың көшіруі жиі байқалады. Бұл процесс фонетикалық деңгейден бастап мәтіндік-прагматикалық деңгейге дейінгі түрлі қабаттарды қамтиды [4–5]. Көп жағдайда мұндай ауытқулар сөйлеу жағдаятына, коммуникативтік мақсатқа және тілдердің белсенді қолданылу деңгейіне байланысты болады.

Ал тілдік аттрицияның табиғаты өзгеше. Интерференция мен аттрицияның айырмашылығын түсіну үшін бірнеше параметрге назар аударайық. Біріншіден, интерференциялық қателер көбіне уақытша сипатта болады. Егер сөйлеуші тілдік бақылауын

күшейтіп, саналы түрде түзетуге тырысса, мұндай ауытқуларды жоюға болады. Ал тілдік аттриция белгілі бір тілдің ұзақ уақыт бойы сирек қолданылуымен байланысты. Бұл жерде мәселе тілдер арасындағы жай ауысуда емес, тілдің функционалдық жүктемесінің біртіндеп азаюында. Тіл сирек қолданылған сайын оның құрылымдық элементтері әлсірей бастайды. Соның нәтижесінде тілдік жүйеде тұрақты өзгерістер қалыптасады. М. Шмид аттрицияны тілдің қолданылу жиілігі төмендеген жағдайда пайда болатын және тілдік құрылымның ұзақ мерзімді өзгерісін көрсететін құбылыс ретінде сипаттайды [3, 3 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, аттрициялық ауытқуларды жекелеген қателер ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Олар тілдік жүйенің ішкі ұйымдасуында жүріп жатқан өзгерістердің белгісі ретінде бағалануы тиіс.

Екіншіден, аттрициялық қателер кездейсоқ немесе бір реттік сипатта болмайды. Олар сөйлеудің ауызша да, жазбаша да түрінде қайталанып отырады. Сонымен бірге түрлі коммуникативтік жағдаяттарда да сақталады. Ең маңыздысы – сөйлеуші өз сөзін саналы түрде бақылап, қателерді түзетуге тырысқан жағдайда да бұл ауытқулар жойыла бермейді. М. Шмидтің пікірінше, аттриция тілдік жүйенің негізгі қабаттарына әсер ететін жүйелі құбылыс: «Аттрицияның әсерлері жүйелі сипатқа ие болып, грамматика мен лексиканың негізгі салаларына ықпал етеді» [3, 67 б.]. Яғни, бұл тек жекелеген формалардың бұзылуы емес, тілдің құрылымдық деңгейінде жүретін өзгерістер.

Үшіншіден, интерференциялық ауытқулар, әдетте, екінші тілді меңгеру барысында ана тілінің ықпалынан туындайтын қателер ретінде сипатталады. Мұнда бір тілдің үлгілері екінші тілге ауысады. Ал аттрициялық қателердің табиғаты басқаша. Олар өзге тілдің жай ғана ықпалынан туындамайды. Керісінше, ана тілінің ішкі жүйесінде жүріп жатқан құрылымдық өзгерістердің нәтижесі. Мәселе тек тілдер арасындағы «ауысуда» емес, белгілі бір тілдің өз ішіндегі әлсіреуінде.

Интерференция мен аттрицияны ажыратудағы басты қиындық – олардың бір уақытта қатар жүруінде. Кей жағдайда бұл екі құбылыс бір-бірін күшейтеді. Мысалы, екінші тіл функционалдық тұрғыдан үстем бола бастаған кезеңде пайда болған интерференциялық қателер уақыт өте келе бекіп, тұрақты сипатқа ие болуы мүмкін. Осындай жағдайда уақытша ауытқу мен жүйелі өзгеріс арасындағы шекара айқын болмай қалады.

Сондықтан тілдік деректерді талдау кезінде нақты диагностикалық критерийлерге сүйену қажет. Тек сол арқылы интерференциялық құбылыстарды тілдік аттрициядан ажыратуға мүмкіндік туады.

Зерттеу жұмысында интерференциялық және аттрициялық қателерді ажырату белгілі бір нақты өлшемдерге сүйеніп жүргізілді. Ең алдымен, қатенің қаншалықты тұрақты және жиі қайталанатынына назар аударылды. Сонымен бірге оның белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа тәуелді-тәуелсіз екені ескерілді. Тағы бір маңызды көрсеткіш – қателердің тілдік жүйенің негізгі деңгейлеріне әсер етуі. Осындай критерийлер талданған ауытқуларды жай ғана өзге тіл ықпалының салдары ретінде емес, жартылай доминантты қазақ-орыс билингвизмі жағдайында қалыптасатын тілдік аттрицияның көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Мақаланың ғылыми өзектілігі де осы мәселемен тікелей байланысты. Қазақ-орыс қостілділігі жағдайында ана тіліндегі тұрақты ауытқуларды интерференцияның жекелеген мысалдары ретінде емес, жүйелі аттрициялық өзгерістер ретінде қарастыратын еңбектер әлі де жеткіліксіз. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеу қазіргі тілдік ахуал тұрғысынан маңызды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ-орыс қостілділік материалында байқалатын ана (қазақ) тіліндегі жүйелі қателерді жаңа қырынан талдаумен байланысты. Бұл қателер кездейсоқ немесе уақытша интерференциялық құбылыстар ретінде емес, екінші тілдің ұзақ уақыт бойы функционалдық тұрғыдан басым қолданылуы нәтижесінде туындайтын тілдік аттрицияның белгісі ретінде кешенді түрде қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу асимметриялық қостілділік жағдайында «ана тілінің иесі» деген ұғымға қайта қарауға негіз береді. Сонымен бірге билингвизм мен тілдік аттриция теориясын нақты тілдік материал негізінде дамытуға белгілі бір теориялық үлес қосады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақаланың зерттеу материалы жоғары оқу орнының орыс тілінде білім беретін топтарында оқитын қазақ студенттерінің ауызша және жазбаша сөйлеу деректеріне негізделді. Зерттеуге қатысқан барлық информанттар – орыс тілді қазақтар. Қазақ тілі оларда бала кезден отбасында меңгерілген және ресми түрде ана тілі ретінде саналады. Бірақ күнделікті өмірде орыс тілі басым қолданылады. Ол білім беру процесінде, академиялық ортада және қарым-қатынастың негізгі салаларында доминант тіл қызметін атқарады.

Информанттардың әлеуметтік-лингвистикалық бейіні бірнеше көрсеткіш бойынша сипатталды. Қатысушылардың басым бөлігі мектепте білімді орыс тілінде алған. Қазіргі уақытта да олар жоғары оқу орнында, қоғамдық ортада және ақпараттық кеңістікте орыс тілін тұрақты пайдаланады. Қазақ тілі болса шектеулі функционалдық аяда сақталған. Көбіне ол отбасылық қарым-қатынаста, қазақ тілі сабағында немесе жекелеген тұрмыстық жағдаяттарда ғана қолданылады. Осындай тілдік тәжірибе олардың жартылай доминантты қазақ-орыс билингвтері екендігін көрсетеді.

Зерттеу деректерінің жиынтығы В1–В2 деңгейінде оқитын студенттердің ауызша және жазбаша жұмыстары негізінде құрастырылды. Бұл тілдік ерекшеліктердің тұрақты сипаттарын байқауға мүмкіндік берді. Материалдың репрезентативтілігі жанрлық әртүрлілік арқылы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ сөйлеу жағдаяттарының қайталануы және сөйлеу әрекетінің әртүрлі типтерінен алынған деректердің қамтылуы талдаудың сенімділігін арттырды.

Тілдік деректерді жан-жақты талдау үшін материалды іріктеу нақты критерийлерге сүйеніп жүргізілді. Біріншіден, ауытқудың қаншалықты жиі қайталанатынына және оның тұрақтылығына назар аударылды. Сонымен бірге қателердің ауызша да, жазбаша да сөйлеуде жүйелі түрде кездесуі ескерілді. Тағы бір маңызды өлшем – олардың белгілі бір ситуациялық факторға немесе нақты коммуникативтік контекстке тәуелді болмауы.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрды. *Бірінші кезеңде* тілдік материал жиналып, ауызша және жазбаша мәтіндерден тұратын деректер қоры қалыптастырылды. Сонымен қатар информанттардың тілдік тәжірибесіне алдын ала әлеуметтік-лингвистикалық талдау жасалды. Бұл талдау орыс тілінің функционалдық басымдығын және екі тілдің қолданылу салаларын нақтылау үшін қажет болды. *Екінші кезеңде* қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтарды қолдануда кездесетін, нормативтік үлгіден ауытқитын қателер анықталды. Бұл ретте әртүрлі сөйлеу типтерінде қайталанып отыратын, тұрақты сипатқа ие ауытқуларға ерекше мән берілді. Осындай қателер тілдік аттрицияның ықтимал көріністері ретінде қарастырылды. *Үшінші кезеңде* анықталған ауытқулар сын есімдердің сөзжасам жүйесі шеңберінде жүйеленді. Олардың жиілігіне сандық талдау жүргізілді. Осы кезеңде қателердің тұрақтылығы мен коммуникативтік контекстке тәуелсіздігі негізгі диагностикалық критерийлер ретінде алынды. Соның негізінде сын есім тудырушы жұрнақтарды қолданудағы интерференциялық және аттрициялық құбылыстарды ажырату жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде лингвистикалық қателерді талдау қолданылды. Бұл әдіс қазақ тілінің нормативтік үлгілерінен ауытқуларды анықтауға, оларды сипаттауға және құрылымдық ерекшеліктерін айқындауға бағытталды. Бұл талдау тек қателерді тіркеумен шектелмей, олардың тілдік жүйедегі орнын түсіндіруді көздеді.

Қазақ және орыс тілдеріне жүргізілген салыстырмалы талдау доминант тілдің ықтимал ықпалын бағалауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл тіркелген ауытқулардың қайсысы интерференциялық сипатта болуы мүмкін екенін, ал қайсысы тілдік жүйенің ішкі өзгерістеріне байланысты туындағанын нақтылауға көмектесті.

Сандық талдау анықталған қателердің жиілігін және олардың тұрақтылығын көрсету үшін пайдаланылды. Сонымен қатар қателердің зерттеу материалы аясында қалай таралатыны, қай үлгілердің жиірек кездесетіні айқындалды. Ал сапалық талдау олардың функционалдық және құрылымдық сипатын түсіндіруге бағытталды. Әсіресе жұрнақтардың

гиперөнімді қолданылуы, сондай-ақ сөзжасамдық және грамматикалық категориялар арасындағы шекараның көмескіленуі арнайы қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қарастырылып отырған әлеуметтік топта тілдік аттриция қазақ тілін қолдану жиілігінің азаюымен және оның функционалдық аясының тарылуымен байланысты құбылыс ретінде көрінеді. Тіл күнделікті өмірде сирек қолданылған сайын, сол тілдегі құзыреттілік те біртіндеп өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгерістер, ең алдымен, ана тілінің жекелеген құрылымдық компоненттерінің әлсіреуінен байқалады.

Біздің зерттеуде осы процестің нақты көрінісі ретінде сын есімдердің сөзжасам жүйесінде тіркелген аттрициялық қателер талданды. Аталған қателер бірнеше белгісі арқылы ерекшеленеді. Біріншіден, олар әртүрлі информанттардың сөйлеуінде тұрақты түрде қайталанып отырады. Екіншіден, бұл ауытқулар тек ауызша сөйлеуде ғана емес, жазбаша мәтіндерде де кездеседі. Үшіншіден, қателер белгілі бір коммуникативтік жағдайға тәуелді болмай, әртүрлі контексте сақталады. Төртіншіден, олар тілдік жүйенің өзегіне, яғни өнімді сөзжасам үлгілеріне және сын есім мен зат есім арасындағы категориялық шекараларға әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері сын есімдерді жасау мен қолдану барысында сөзжасамдық қателердің басым екенін көрсетті. Бұл қателер информанттардың тілдік құзыреттілігінің жекелеген қырларындағы өзгерістермен байланысты. Нақтырақ айтқанда, олар сөзжасам үлгілерін меңгеру деңгейінің әлсіреуін, өнімді жұрнақтарды шамадан тыс немесе орынсыз қолдануды, сондай-ақ категориялық жіктеудегі тұрақсыздықты көрсетеді.

1. Лексикалық құзыреттіліктің төмендеуі.

Талдау барысында информанттардың сын есімдердің нормативті, яғни дайын лексикалық тұлғаларын тануда қиындықтарға тап болатыны анықталды. Әсіресе сөзжасамдық тұрғыдан қалыптасқан сын есімдерге *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнақтарының орынсыз әрі шамадан тыс жалғануы жиі байқалады.

Информанттар дайын күйінде қолданылатын лексикалық бірліктерді сол қалпында пайдаланудың орнына, оларды қосымша жұрнақтар арқылы «қайта жасап» қолдануға бейім. Мысалы, нормативті *әділ* сөзі сөйлеуде *әділді* түрінде, *жомарт* – *жомартты, қонақжай* – *қонақжайлы* түрінде кездеседі. Мұндай қолданыстар бір реттік емес, бірнеше информанттың сөйлеуінде қайталанып отырады.

Бұл құбылыс сын есімдердің нормативті лексикалық тұлғаларын тану қабілетінің әлсірегенін көрсетеді. Яғни сөздің дайын, тұтас лексикалық бірлік ретіндегі статусы көмескіленеді. Сөйлеуші оны бөлшектенетін морфемалық құрылым ретінде қабылдап, қайта жасауға тырысады. Сонымен қатар бұл деректер тек лексикалық құзыреттіліктің төмендеуін ғана емес, сөзжасам үлгілерінің автоматтандырылу деңгейінің бұзылуын да аңғартады. Сөздің морфемалық құрылымын автоматты түрде бақылау әлсірейді, нәтижесінде өнімді жұрнақтар шектен тыс жалғана береді. Олай болса, сөзжасамдық норманың тұрақтылығы бұзылып, тілдік жүйенің ішкі тепе-теңдігіне әсер етеді.

2. Лексика-деривациялық құзыреттіліктің әлсіреуі.

Зерттеу барысында *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* жұрнақтарының қолданылуында да тұрақты қиындықтар бар екені байқалды. Бұл жұрнақтар деривациялық тұрғыдан көпмәнді болып келеді: олар зат есімнен сын есім де, сын есімнен зат есім де жасай алады. Осындай көпфункционалдық билингвтердің сөйлеуінде нақты форманы таңдауда қиындық туғызады.

Ауызша және жазбаша жұмыстарды талдау нәтижесінде аталған жұрнақтар арқылы жасалған зат есімдердің сын есім қызметінде жиі қолданылатыны анықталды. Мысалы, нормативті *сараң, әділ, әуесқой, қонақжай* формаларының орнына *сараңдық, әділдік, әуестік, қонақжайлық* түрлері жұмсалады. Бұл қолданыстар жекелеген жағдайлар емес, бірнеше информанттың сөйлеуінде қайталанып отырады.

Мұндай деректер сөзжасамдық норманың тұрақсызданғанын көрсетеді. Сонымен қатар сын есім мен зат есім арасындағы категориялық шекараның көмескіленуі анық байқалады. Яғни сөйлеуші деривациялық формалардың қызметтік айырмашылығын әрдайым дәл ажырата бермейді. Бұл құбылыс лексика-деривациялық құзыреттіліктің әлсірегенін аңғартады. Нақтырақ айтқанда, нормативті деривациялық форманы таңдау қабілеті төмендейді. Нәтижесінде грамматикалық және сөзжасамдық деңгейдегі категориялық айырмашылықтар тұрақсыз сипат ала бастайды.

3. Ана тіліндегі деривациялық құзыреттіліктің төмендеуі.

Талдау барысында информанттардың туынды сын есім жасауда нормативті жұрнақтарды таңдауда айтарлықтай қиындықтарға тап болатыны анықталды. Бір түбірден бірнеше деривациялық үлгінің қатар қолданылуы жиі байқалады. Бұл форма таңдаудағы тұрақсыздықты көрсетеді және сөзжасам жүйесінің ішкі нормаларының толық игерілмегенін аңғартады. Мысалы, «дене» зат есімінен туынды сын есім жасау тапсырмасында студенттердің жауаптары әртүрлі болды: *денелі* – 22,9 %, *денелік* – 3,2 %, *денешіл* – 1,6 %. Нормативті үлгімен қатар, функционалдық тұрғыдан сәйкес келмейтін немесе шектеулі қолданыстағы формалар да ұсынылған.

Осыған ұқсас жағдай «азамат» сөзінде де байқалды. Туынды сын есім жасау барысында *азаматтық* формасы - 31,7 % жағдайда қолданылса, *азаматты* – 9,1 %, *азаматшыл* – 6,2 % көрсеткіш көрсетті. Бұл деректер бір түбірден жасалатын формалардың семантикалық және сөзжасамдық жіктелуі сөйлеуші санасында айқын тұрақталмағанын көрсетеді.

«Ұйқы» сөзінен туынды сын есім жасау кезінде де мынандай вариативтілік байқалды: *ұйқышыл* – 22,2 %, *ұйқылы* – 7,9 %. Мұнда да нормативті қолданыс пен ықтимал үлгілердің ара-жігі нақты ажыратылмайды.

Аталған мысалдар деривациялық құзыреттіліктің әлсірегенін көрсетеді. Сөйлеушілер бір түбірге сәйкес келетін жұрнақты таңдау барысында сенімді үлгіге сүйенбей, бірнеше ықтимал нұсқаны қатар қолданады. Бұл құбылыс сөзжасам жүйесінің автоматтану деңгейінің төмендегенін және форма таңдаудың тұрақсыз сипат алғанын аңғартады.

Келтірілген деректер информанттардың туынды сын есім жасауда деривациялық үлгілерді нақты ажыратуда және белгілі бір мағыналық контексте сәйкес нормативті жұрнақты таңдауда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Яғни мәселе тек жекелеген формалардың шатасуында емес, сөзжасамдық үлгілердің ішкі жүйесінің толық игерілмеуінде жатыр. Бұл құбылыс ана тіліндегі деривациялық құзыреттіліктің төмендеуімен қатар, сөзжасамдық норманың тұрақсызданғанын аңғартады. Сонымен бірге жұрнақтардың мағыналық және функционалдық шектеулері әрдайым ескерілмейді.

Жоғарыда келтірілген қателердің пайда болуына бірнеше фактор ықпал етеді.

Біріншіден, нормативті формаларға қолжетімділік төмендеген жағдайда жекелеген жұрнақтарды шамадан тыс қолданылуы байқалады. Бұл белгілі бір дәрежеде компенсаторлық стратегия ретінде көрінеді: сөйлеуші нақты үлгіні білмеген жағдайда, кең таралған жұрнақты қолдануға бейім болады.

Екіншіден, лексика-грамматикалық дифференциация әлсірейді. Соның нәтижесінде сөз таптары мен деривациялық үлгілер арасындағы шекаралар көмескіленеді. Сын есім мен зат есімнің қызметтік айырмашылығы әрдайым дәл сақталмайды.

Үшіншіден, орыс тілді «ана тіл иелерінде» сөзжасам үлгілерінің автоматтандырылу деңгейі төмендейді. Туынды формаларды нормативті түрде таңдау дағдысы әлсірейді. Сөйлеуші тұрақты үлгіге сүйенудің орнына вариативті, кейде кездейсоқ формаларды қолданады.

Әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан бұл құбылысты тілдердің функционалдық асимметриясымен түсіндіруге болады. Қазіргі жағдайда билингвтерде орыс тілі оқу процесінде және кәсіби-академиялық әлеуметтенуде негізгі қарым-қатынас құралына айналған. Ал қазақ тілі, керісінше, көбіне шектеулі салаларда ғана қолданылады. Мұндай теңгерімсіздік ана тілінің белсенді қолданысын тарылтады.

Психолингвистикалық деңгейде бұл процесс билингв санасында екі тілдік жүйенің өзара бәсекелестігімен сипатталады. Нормативті формаларды өздігінен әрі сенімді түрде таңдау қабілеті әлсірей бастайды. Соның салдарынан тілдік вариативтілік күшейеді, ал сөйлеуші неғұрлым өнімді және әмбебап сөзжасам тәсілдеріне жиі жүгінеді. Яғни күрделі, нақты шектеуі бар үлгілердің орнына жалпылама әрі жиі қолданылатын үлгілер басым бола түседі.

Сондықтан орыс тілді қазақ жастарының ана тіліндегі сын есімдердің сөзжасам жүйесінде байқалатын тұрақты қателерді қысқа мерзімді ықпалдың нәтижесі деуге болмайды. Бұл – тілдік құзыреттіліктің ұзақ мерзімді эрозиясымен байланысты құбылыс. Мұндай қателер әртүрлі коммуникативтік жағдайларда сақталады және информанттардың тілдік нормаға сезімталдығының төмендегенін көрсетеді. Сонымен бірге грамматикалық және сөзжасамдық тұлғаларды ажырату қабілетінің әлсірегенін де айқын аңғартады.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері анықталған тілдік құбылыстарды қостілділік пен тілдік аттрицияны зерттеудің қазіргі теориялық және эмпирикалық аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Жиналған материалды талдау барысында тіркелген сөзжасамдық ауытқулардың кездейсоқ немесе уақытша сипатта еместігі анықталды.

Қателердің жиі кездесуі, олардың ауызша да, жазбаша да сөйлеудің әртүрлі жанрларында тұрақты түрде қайталануы және нақты коммуникативтік жағдайға тәуелсіз көрінуі бұл құбылысты жай интерференция ретінде түсіндіруге жеткіліксіз екенін көрсетеді. Керісінше, мұндай белгілер оларды тілдік аттрицияның көрінісі ретінде қарастыруға негіз береді.

Бұл қорытынды тілдік аттриция теориясының негізгі қағидаларымен үйлеседі. М. Шмидтің пікірінше, тілдің қолданылу жиілігі төмендеген жағдайда тілдік құзыреттілікте жүйелік өзгерістер қалыптаса бастайды [3]. Тіл сирек қолданылған сайын, оның құрылымдық элементтері біртіндеп әлсірейді. Біздің зерттеу нәтижелеріміз де осы заңдылықты растайды.

Зерттеу барысында анықталған сөзжасамдық жұрнақтардың (*-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті, -лық/-лік және т.б.*) шамадан тыс, гиперөнімді қолданылуы орыс тілді қазақ студенттерінің сөйлеуінде туынды үлгілердің белгілі бір деңгейде қайта құрылып жатқанын көрсетеді. Бұл үрдіс қазақ тілінің нормативтік шектеулеріне деген сезімталдықтың әлсірегенін аңғартады. Сөйлеуші сөздің қалыптасқан, дайын формасына емес, неғұрлым әмбебап әрі жиі қолданылатын үлгілеріне сүйенуге бейім.

Аталған құбылыс аттриция тек үстірт, лексикалық деңгеймен шектелмей, грамматика мен сөзжасам жүйесінің негізгі қабаттарына дейін әсер ететінін көрсетеді. Бұл тұжырым М. Шмидтің тілдің қолданылу жиілігі төмендеген кезде тілдік құрылымның жүйелік өзгеріске ұшырайтыны туралы көзқарасымен үйлеседі.

Зерттеу нәтижелері анықталған ауытқулардың қалыптасуында жартылай доминантты билингвизмнің маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Информанттардың оқу процесінде, академиялық ортада және күнделікті қарым-қатынаста орыс тілін басым қолдануы қазақ тілінің функционалдық аясын тарылтқан. Соның нәтижесінде қазақ тілі когнитивтік және кәсіби қызметтің негізгі құралы ретіндегі орнын біртіндеп жоғалтады. Бұл өз кезегінде морфологиялық және сөзжасамдық үлгілердің автоматтандырылу деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Бұл құбылыс Ф. Грожанның билингвтік құзыреттілік біркелкі болмайтыны, тілдердің қолданылу аясына қарай сараланатыны туралы пікірлерімен сәйкес келеді [2]. Егер қазақ тілі шектеулі салаларда ғана қолданылса, оның грамматикалық құралдары біртіндеп қарапайымдалып, кейбір күрделі үлгілер әлсірей бастайды. Мұндай жағдайда аффикстердің шамадан тыс қолданылуы сөйлеушінің нормативті форманы таңдаудағы сенімсіздігін өтейтін компенсаторлық тәсіл ретінде көрінеді.

Алынған нәтижелер «мұраға қалған тіл сөйлеушілері» туралы С. Монтрул еңбектерінде келтірілген деректермен үндес келеді. Ғалымның пікірінше, мұндай сөйлеушілерде ана тілінің

жекелеген грамматикалық және сөзжасамдық құрылымдары толық әрі тұрақты түрде қалыптаспайды. Уақыт өте келе олардың қолданылуы біртіндеп әлсірейді [16].

Мақалада қарастырылған сын есімдер мен олардан жасалған зат есімдер арасындағы вариативтілік (мысалы, *сараң – сараңдық, әділ – әділдік* және т.б.) басқа тілдік жұптарда да тіркелген морфологиялық тұрақсыздық құбылыстарымен ұқсас. Бұл жерде мәселе жекелеген қателерде емес, деривациялық жүйенің белгілі бір деңгейде қайта ұйымдасуында.

Зерттеуге қатысқан информанттар қазақ тілін бала кезінен меңгерген және оны формалды түрде ана тілі ретінде қабылдайды. Соған қарамастан, эмпирикалық деректер «ана тілінде сөйлеуші» мәртебесі тілдік құзыреттіліктің барлық деңгейінің автоматты түрде толық сақталуын қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Әсіресе екінші тіл ұзақ уақыт бойы функционалдық тұрғыдан басым болған жағдайда, ана тілінің жекелеген құрылымдары әлсіреуі мүмкін.

Бұл тұжырым қазіргі психоллингвистика мен социоллингвистикада қалыптасқан дәстүрлі көзқарастарды қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Яғни «ана тілінің иесі» ұғымын статикалық емес, динамикалық категория ретінде түсіну маңызды.

Алынған нәтижелер тілдік аттрицияны тек сыртқы тілдік ықпалдың тікелей салдары ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл құбылыс билингв санасында жүретін күрделі когнитивтік әрі құрылымдық қайта ұйымдасу процесімен байланысты. Сөзжасам жүйесінде байқалған гиперөнімділік пен нормативті форманы таңдаудың әлсіреуі тілдік бірліктердің жай ұмытылуынан гөрі, олардың бәсекелес нұсқалар арасындағы функционалдық салмағының өзгеруімен байланысты екенін аңғартады.

Басқаша айтқанда, билингвтің тілдік жүйесінде доминант емес тіл элементтері біртіндеп «әлсіз позицияға» ауысады. Олар автоматтандырылған деңгейден шығып, саналы бақылауды қажет ететін формаға айналады. Бұл тілдің ыдырауы емес, оның жаңа тілдік жағдайда қайта бейімделуі. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері аттрицияны тілдік жүйенің құлдырауы ретінде емес, функционалдық және құрылымдық қайта ұйымдасуы ретінде түсіндіретін қазіргі психоллингвистикалық көзқарастарды қолдайды.

Зерттеу материалы интерференция мен аттрицияны ажыратуда қолданылатын әдіснамалық критерийлерді нақтылауға да мүмкіндік берді. Әдетте интерференция доминант тілдің құрылымдарын тікелей көшіру арқылы байқалады. Ал бұл жұмыста тіркелген қателер орыс тілінің сөзжасамдық үлгілерінің тікелей калькасы емес. Керісінше, олар қазақ тілінің ішкі сөзжасам ресурстарына сүйенеді, бірақ нормативтік шектеулерді сақтамай қолданылады.

Бұл дерек аттрицияның тек тілдік элементтердің тасымалдануымен түсіндірілмейтінін көрсетеді. Көп жағдайда ол бұрын меңгерілген тілдік механизмдердің қайта ұйымдасуы нәтижесінде жүзеге асады. Қателердің тұрақты түрде қайталануы, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында сақталуы және коммуникативтік контекстке тәуелсіз көрінуі алынған нәтижелерді интерференция емес, тілдік аттриция теориясы аясында түсіндірудің әдіснамалық тұрғыдан негізді екенін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері еліміздегі жартылай доминантты қазақ-орыс қостілділігі аясында ана тілінде тілдік аттрицияның жүйелі сипат алатынын көрсетті. Орыс тілді қазақ студенттерінің сөйлеу деректерінде сын есімдердің сөзжасам жүйесіне қатысты тұрақты әрі қайталанатын ауытқулар тіркелді.

Эмпирикалық талдау сын есімдерді жасау мен қолдану барысында сөзжасамдық қателердің басым екенін айқын көрсетті. Аталған қателер лексикалық, лексика-деривациялық және деривациялық құзыреттіліктің төмендеуімен тікелей байланысты. Информанттардың нормативті сын есім формаларын тануда қиналуы, дайын лексикалық бірліктердің орнына өнімді жұрнақтар арқылы жасалған туынды формаларды таңдауы, сондай-ақ деривациялық көпмәнді жұрнақтарды олардың мағыналық және функционалдық шектеулерін ескермей қолдануы сөзжасамдық норманың тұрақсызданғанын көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған деректер сын есімдер мен олардан жасалатын зат есімдер арасындағы категориялық шекараның көмескіленгенін анық көрсетті. Сонымен бірге туынды формаларды нормативті түрде таңдау дағдысының әлсірегені байқалады. Сөйлеуші сөзжасамдық үлгілерді автоматты түрде қолданудың орнына, вариативті әрі кейде нормадан ауытқитын формаларға жүгінеді. Бұл құбылыс ана тіліндегі сөзжасам үлгілерінің автоматтандырылу деңгейінің төмендеуін және тілдік жүйенің ішкі қайта ұйымдасуын көрсетеді.

Орыс тілді қазақ жастарының ана тіліндегі сөзжасамдық қателері қысқа мерзімді тілдік ықпалдың немесе жекелеген интерференциялық ауытқулардың нәтижесі емес. Керісінше, олар жартылай доминантты билингвизм жағдайында қалыптасатын тілдік аттрицияның жүйелі көрінісі болып табылады.

Жалпы алғанда, тілдердің өзара ықпалдасу формалары алуан түрлі. Олардың ішінде тілдердің ауысуы, жаңғыруы, интерференция және гибридтену сияқты құбылыстар кеңінен зерттелген. Ал тілдің ішінара әлсіреуі немесе деградациясы ретінде сипатталатын тілдік аттриция салыстырмалы түрде жаңа зерттеу нысаны болып саналады. Бұл мәселе теориялық лингвистика үшін ғана емес, онтолингвистика мен тілді оқыту әдістемесі үшін де маңызды.

Көптеген еңбектерде аттрицияның айқын белгілері ретінде лексикалық кірмелердің көбеюі, сөздік қордың дамуының баяулауы, синтаксистік интерференция, сөйлеу акцентінің пайда болуы және сөзбе-сөз аударылған құрылымдардың жиі қолданылуы аталады. Алайда зерттеуіміз көрсеткендей, аттриция сөзжасам жүйесінің ішкі тұрақтылығына да әсер етуі мүмкін. Тілдік аттрицияны одан әрі зерттеу жеке тілдік дамудың және тілдік әлсіреудің механизмдерін тереңірек түсінуге жол ашады. Сонымен қатар бұл бағыт тілдік қабілеттің қай компоненттері тұрақты, ал қайсысы өзгермелі екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық жағынан да маңызды. Олар қостілді ортада қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе орыс тілді аудиториямен жұмыс істеуде сөзжасамдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған арнайы тәсілдер мен мақсатты жаттығулар енгізу өзекті. Өйткені дәл осы деңгейде әлсіреу белгілері айқын байқалады.

Ана (қазақ) тілінің функционалдық қолданылу аясын кеңейту – аттриция құбылысының алдын алудың негізгі шарттарының бірі. Егер қазақ тілі білім беру, кәсіби және қоғамдық салаларда белсендірек қолданылса, оның құрылымдық тұрақтылығы да нығая түседі.

Тілдік аттрицияны дер кезінде анықтау және оның себептерін жоюға бағытталған жүйелі жұмыс қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тілдік құзыреттіліктегі жүйелі қателердің бекіп қалуына жол бермейді және орыс тілді қазақ студенттердің лексикалық, грамматикалық әрі сөзжасамдық дағдыларын саналы түрде дамытуға жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Fishman, J. A. Reversing language shift : theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages. - Clevedon ; Philadelphia : Multilingual Matters, 1991. - 431 p.
- 2 Grosjean, F. Bilingual : life and reality. - Cambridge, MA : Harvard University Press, 2010. - 276 p.
- 3 Schmid, M.S., Yilmaz, G. Lexical Access in L1 Attrition – Competition versus Frequency: A Comparison of Turkish and Moroccan in the Netherlands // Applied Linguistics. – 2021. – Vol. 42, No. 5. – P. – 878-904. - <https://doi.org/10.1093/applin/amab006>
- 4 Polinsky M. Heritage Languages: In the “Wild” and in the Classroom // Language and Linguistics Compass. 2007. Vol. 1, No. 5. P. 368–395.
- 5 Li H.H., Feng Y., Bao C., Bai Y. Interactions between attained proficiency and length of exposure to lexical attrition of English as a second language // Frontiers in Psychology. – 2025. – Vol. 16. - DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1586722>.

- 6 Sudina E., Teimouri Y., Plonsky L. L2 grit and age as predictor of attrition in mobile-assisted language learning // Learning and Individual Differences. – 2025. – Vol.120. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2025.102704>.
- 7 Paradis M. Implicit competence and explicit knowledge in second language acquisition and learning // The Neurocognition of Language and Memory: Retention, Attrition, and Aging: workshop. Washington, DC, April 7, 2006.
- 8 Adebayo O. First Language Retention and Loss in Immigrant Communities // Brilliant Linguistics and Language Studies (BLLS). – 2025. Vol. 2, No.1. - DOI: <https://doi.org/10.59652/blls.v2i1.531>.
- 9 Montrul, S. Intergenerational attrition: direct or reverse language transmission? // Bilingualism: Language and Cognition. – 2025. – Vol.28, No.3. – P. 832-845. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1366728924000622>
- 10 Fierman, W. Language and education in post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-medium instruction in urban schools // The Russian Review. - 2006. - Vol. 65, No. 1. - P. 98-116. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9434.2005.00388.x>
- 11 Smagulova, J. Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use // International Journal of Bilingual Education and Bilingualism. - 2008. - Vol. 11, No. 3-4. - P. 440-475. <https://doi.org/10.1080/13670050802148798>
- 12 Smagulova, J. The re-acquisition of Kazakh in Kazakhstan: achievements and challenges // Language change in Central Asia / eds. E. S. Ahn, J. Smagulova. - Berlin ; Boston : De Gruyter Mouton, 2016. - P. 89-108. <https://doi.org/10.1515/9781614514534-009>
- 13 Басс Е.В. Интонационная интерференция и языковая коррозия при раннем билингвизме // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. 2012. № 6. С. 20–24.
- 14 Груздева Е.Ю. Языковая аттриция в системе языковых изменений // Языковые изменения в условиях языкового сдвига : сб. ст. / отв. ред. Н. Б. Бахтин. СПб., 2007. С. 16–58.
- 15 Schmid M. S., The final frontier? Why we have been ignoring second language attrition, and why it is time we stopped // Language Teaching. – 2023. – Vol.56, No.1. – P. 73-93. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444822000301>
- 16 Montrul, S. A. The acquisition of heritage languages. - Cambridge : Cambridge University Press, 2015. - 364 p. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139030502>

Материал 25.02.2026 баспаға түсті

Языковая аттриция: проявление системных ошибок у русскоязычных казахов в условиях полудоминантного билингвизма

А.К.Өмірзақова¹, Ж.Қ.Дәркенбаева², С.А.Тұрбекова³

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, 050013, Қазақстан

²Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, 050022, Қазақстан

³Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, 050038, Қазақстан

В современных условиях Казахстана, сложившихся под влиянием исторических и социально-политических факторов, проблема сохранения казахского языка и обеспечения его полноценного функционирования приобретает особую значимость. Это особенно заметно в ситуации полудоминантного казахско-русского билингвизма. Несмотря на официальный статус государственного языка, казахский язык в ряде ключевых коммуникативных сфер используется ограниченно. Такая ситуация создает предпосылки для развития процессов языковой аттриции, в том числе среди русскоязычной казахской молодежи.

Статья посвящена анализу феномена языковой аттриции в родном (казахском) языке в условиях полудоминантного казахско-русского билингвизма. Цель исследования состоит в

том, чтобы разграничить систематические языковые отклонения, фиксируемые в речи русскоязычных казахов, и интерференционные ошибки, а также обосновать интерпретацию выявленных отклонений как проявлений языковой аттриции.

Материалом исследования послужили данные устной и письменной речи казахских студентов, обучающихся в русскоязычных группах высших учебных заведений. В работе использовались методы лингвистического анализа ошибок, а также сравнительный, количественный и качественный подходы, что позволило рассмотреть выявленные явления в комплексе.

Результаты анализа показали, что наиболее частотные и устойчивые отклонения связаны со словообразовательной системой имен прилагательных. Установлено, что данные ошибки обусловлены снижением лексической, лексико-деривационной и деривационной компетенций. Студенты испытывают трудности при распознавании и выборе нормативных форм, а также демонстрируют ослабление автоматизации словообразовательных моделей. Кроме того, зафиксировано размывание категориальных границ между прилагательными и образованными от них существительными, а также тенденция к гиперпродуктивному использованию отдельных аффиксов.

Полученные результаты позволяют утверждать, что выявленные ошибки не являются следствием случайной интерференции. Они представляют собой системные проявления языковой аттриции, связанные с ограниченным функциональным использованием родного языка в условиях полудоминантного билингвизма. Тем самым исследование способствует переосмыслению понятия «носитель родного языка» в билингвальной среде и вносит вклад в развитие теории языковой аттриции на материале казахского языка.

Ключевые слова: языковая аттриция, полудоминантный билингвизм, казахско-русский билингвизм, образование прилагательных, словообразовательная компетенция, языковая норма.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Fishman, J. A. Reversing language shift : theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages. - Clevedon ; Philadelphia : Multilingual Matters, 1991. - 431 p.
- 2 Grosjean, F. Bilingual : life and reality. - Cambridge, MA : Harvard University Press, 2010. - 276 p.
- 3 Schmid, M.S., Yilmaz, G. Lexical Access in L1 Attrition – Competition versus Frequency: A Comparison of Turkish and Moroccan in the Netherlands // Applied Linguistics. – 2021. – Vol. 42, No. 5. – P. – 878-904. - <https://doi.org/10.1093/applin/amab006>
- 4 Polinsky M. Heritage Languages: In the “Wild” and in the Classroom // Language and Linguistics Compass. 2007. Vol. 1, No. 5. P. 368–395.
- 5 Li H.H., Feng Y., Bao C., Bai Y. Interactions between attained proficiency and length of exposure to lexical attrition of English as a second language // Frontiers in Psychology. – 2025. – Vol. 16. - DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1586722>.
- 6 Sudina E., Teimouri Y., Plonsky L. L2 grit and age as predictors of attrition in mobile-assisted language learning // Learning and Individual Differences. – 2025. – Vol.120. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2025.102704>.
- 7 Paradis M. Implicit competence and explicit knowledge in second language acquisition and learning // The Neurocognition of Language and Memory: Retention, Attrition, and Aging: workshop. Washington, DC, April 7, 2006.
- 8 Adebayo O. First Language Retention and Loss in Immigrant Communities // Brilliant Linguistics and Language Studies (BLLS). – 2025. Vol. 2, No.1. - DOI: <https://doi.org/10.59652/blls.v2i1.531>.
- 9 Montrul, S. Intergenerational attrition: direct or reverse language transmission? // Bilingualism: Language and Cognition. – 2025. – Vol.28, No.3. – P. 832-845. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1366728924000622>

- 10 Fierman, W. Language and education in post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-medium instruction in urban schools // *The Russian Review*. - 2006. - Vol. 65, No. 1. - P. 98-116. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9434.2005.00388.x>
- 11 Smagulova, J. Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use // *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. - 2008. - Vol. 11, No. 3-4. - P. 440-475. <https://doi.org/10.1080/13670050802148798>
- 12 Smagulova, J. The re-acquisition of Kazakh in Kazakhstan: achievements and challenges // *Language change in Central Asia* / eds. E. S. Ahn, J. Smagulova. - Berlin ; Boston : De Gruyter Mouton, 2016. - P. 89-108. <https://doi.org/10.1515/9781614514534-009>
- 13 Басс Е.В. Интонационная интерференция и языковая коррозия при раннем билингвизме // *Известия Волгоградского государственного педагогического университета*. 2012. № 6. С. 20–24.
- 14 Груздева Е.Ю. Языковая аттриция в системе языковых изменений // *Языковые изменения в условиях языкового сдвига* : сб. ст. / отв. ред. Н. Б. Бахтин. СПб., 2007. С. 16–58.
- 15 Schmid M. S., The final frontier? Why we have been ignoring second language attrition, and why it is time we stopped // *Language Teaching*. – 2023. – Vol.56, No.1. – P. 73-93. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444822000301>
- 16 Montrul, S. A. The acquisition of heritage languages. - Cambridge : Cambridge University Press, 2015. - 364 p. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139030502>

Материал поступил в редакцию журнала 25.02.2026

Language Attrition: Systematic Errors in the Speech of Russian-Speaking Kazakhs under Conditions of Partially Dominant Bilingualism

A.Omurzakova¹, Zh.Darkenbayeva², S. Turbekova³

¹Satbayev university, Almaty, 050013, Kazakhstan

²Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty 050022, Kazakhstan

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty 050038, Kazakhstan

In contemporary Kazakhstan, shaped by historical and socio-political factors, the issue of preserving the Kazakh language and ensuring its full-fledged functioning has become particularly relevant in the context of partially dominant Kazakh–Russian bilingualism. Despite the state status of the Kazakh language, its actual use in major communicative domains remains limited, creating conditions for the development of language attrition processes, including among Russian-speaking Kazakh youth.

This article focuses on the analysis of the phenomenon of language attrition in the native (Kazakh) language under conditions of partially dominant Kazakh–Russian bilingualism in Kazakhstan. The primary aim of the study is to distinguish systematic linguistic deviations observed in the speech of Russian-speaking Kazakhs from interference-related errors and to interpret them as manifestations of language attrition.

The research material consists of oral and written speech data produced by Kazakh students studying in Russian-medium groups at higher education institutions. The analysis employs methods of linguistic error analysis, as well as comparative, quantitative, and qualitative approaches.

The results of the study demonstrate a predominance of stable and recurrent errors in the word-formation system of adjectives. It is established that these deviations are associated with a decline in lexical, lexico-derivational, and derivational competence, difficulties in recognizing and selecting normative forms, and a weakening of the automaticity of word-formation patterns. In addition, a blurring of categorical boundaries between adjectives and the nouns derived from them, as well as hyperproductive use of affixes, was observed.

The findings confirm that the identified errors are not the result of random interference but represent systematic manifestations of language attrition caused by restricted functional use of the

native language under conditions of partially dominant bilingualism. The results contribute to a reconceptualization of the notion of the “native language speaker” in bilingual contexts and offer a theoretical contribution to the development of language attrition theory based on Kazakh language data.

Key words: language attrition, partially dominant bilingualism, Kazakh–Russian bilingualism, adjective word formation, derivational competence, language norm

REFERENCES

- 1 Fishman, J.A. (1991) Reversing language shift: theoretical and empirical foundations of assistance to threatened languages. Clevedon; Philadelphia: Multilingual Matters.
- 2 Grosjean, F. (2010) Bilingual: life and reality. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- 3 Schmid, M.S., Yilmaz, G. (2021). Lexical Access in L1 Attrition – Competition versus Frequency: A Comparison of Turkish and Moroccan in the Netherlands. *Applied Linguistics*, 42 (5), pp. 878-904. - <https://doi.org/10.1093/applin/amab006>
- 4 Polinsky, M. (2007) ‘Heritage languages: in the “wild” and in the classroom’, *Language and Linguistics Compass*, 1(5), pp. 368–395.
- 5 Li H.H., Feng Y., Bao C., Bai Y. (2025) Interactions between attained proficiency and length of exposure to lexical attrition of English as a second language. *Frontiers in Psychology*, 16. - DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1586722>.
- 6 Sudina E., Teimouri Y., Plonsky L. (2025) L2 grit and age as predictors of attrition in mobile-assisted language learning. *Learning and Individual Differences*, 120. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2025.102704>.
- 7 Paradis, M. (2006) ‘Implicit competence and explicit knowledge in second language acquisition and learning’, in *The Neurocognition of Language and Memory: Retention, Attrition, and Aging. Workshop*, Washington, DC, April 7.
- 8 Adebayo O. (2025) First Language Retention and Loss in Immigrant Communities. *Brilliant Linguistics and Language Studies (BLLS)*, 2 (1). - DOI: <https://doi.org/10.59652/blls.v2i1.531>.
- 9 Montrul, S. Intergenerational attrition: direct or reverse language transmission? // *Bilingualism: Language and Cognition*. – 2025. – Vol.28, No.3. – P. 832-845. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1366728924000622>
- 10 Fierman, W. (2006) ‘Language and education in post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-medium instruction in urban schools’, *The Russian Review*, 65(1), pp. 98–116. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9434.2005.00388.x>
- 11 Smagulova, J. (2008) ‘Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use’, *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 11(3–4), pp. 440–475. <https://doi.org/10.1080/13670050802148798>
- 12 Smagulova, J. (2016) ‘The re-acquisition of Kazakh in Kazakhstan: achievements and challenges’, in Ahn, E.S. and Smagulova, J. (eds.) *Language change in Central Asia*. Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, pp. 89–108. <https://doi.org/10.1515/9781614514534-009>
- 13 Bass, E.V. (2012) ‘Intonatsionnaya interferentsiya i yazykovaya korroziya pri rannem bilingvizme’, *Izvestiya Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*, (6), pp. 20–24.
- 14 Gruzdeva, E.Yu. (2007) ‘Yazykovaya attritsiya v sisteme yazykovykh izmenenii’, in Bakhtin, N.B. (ed.) *Yazykovye izmeneniya v usloviyakh yazykovogo sdviga*. Saint Petersburg, pp. 16–58.
- 15 Schmid M. S. (2023) The final frontier? Why we have been ignoring second language attrition, and why it is time we stopped. *Language Teaching*, 56 (1), pp. 73-93. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444822000301>
- 16 Montrul, S.A. (2015) *The acquisition of heritage languages*. Cambridge: Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139030502>

Received: 25.02.2026